

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университеті
2022-2023 оқу жылындағы
Стратегиялық даму және сапа комитетінің мәжілісінің
№2 хаттамасы

Түркістан қаласы
сағат 16:00

26 сәуір 2023 жыл

Қатысқандар: Комитет мүшелері – 21 адам.

Шақырылғандар: Тізім бойынша – 1 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әлемдік рейтингтерге (QS, THE және т.б.) қатысу туралы;
2. Отандық рейтингтік агенттіктерінде институционалды және бағдарламалық рейтингтеріне қатысу туралы;
3. Университет құрылымдарында өткізілген 2022-2023 оқу жылының ішкі аудит нәтижелері туралы;
4. Сыртқы аудит нәтижелері туралы (ТСИ жақсарту ұсынымдары бойынша жоспардың орындалу барысы туралы факультет декандары мен ҒЗИ директорларының мәлімет беруі);
5. Әртүрлі мәселелер.
 - 5.1 ҚР СТ 3049-2017 стандартын ендіру және Білім беру бағдарламаларын әзірлеулер туралы.
 - 5.2 Жемқорлық тәуекелдеріне талдаулар туралы.
 - 5.3 Құрылымдық бөлім басшыларының «Басшылық тарапынан талдау» процедураларын орындауы туралы.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша Стратегиялық даму және сапа комитетінің төрайымы, Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры Ошибаева Айнаш Есімбекқызы сөз сөйледі. Комитет төрайымы Стратегиялық даму және сапа комитетінің №2 мәжілісі жоспар бойынша ақпан айында өткізілуі керек болатынын, алайда, Клиникалық-диагностикалық орталығында үшінші кезеңмен ішкі аудит ұйымдастырылып, ішкі аудит кезінде анықталған сәйкессіздіктерді жою наурыз айында жүргізілгендіктен мәжілісті өту уақыты осы кезеңге белгіленгенін айтып өтті. А.Ошибаева әлемдік рейтингтер жөнінде қысқаша таныстырып, әрі қарай толық мәлімет беру үшін Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаевқа сөз берді. Ж.Дарибаев өткен оқу жылында университетіміз беделді Халықаралық үздік университеттер рейтингі QS World University Rankings 2022 бойынша 714-ші орынға шығып, ең үздік 1000 университет қатарына алғаш рет енгенін және әлемнің ең үздік университеттерінің пән бағыттары бойынша бірден үш жоғары рейтинг қатарынан көрінгенін, пән бағыттары бойынша биыл екінші рет енгенін айтып өтті. Бұдан басқа QS Asia

University Rankings рейтингінде, Азия құрлығындағы 686 университет арасында 239-шы орындамыз. Сонымен қатар, оқу орнымыз аталмыш рейтингтегі Орталық Азия мемлекеттерінің 43 университеттері арасынан 10-шы орыннан көрінді. Бұдан басқа оқу ордамыз «Webometrics Ranking of World Universities» рейтингіне қатысып 4928-ші орынға көтерілді, ал Қазақстандағы жоғары білім беру ұйымдары арасында 102 университет арасынан 6-шы орындамыз. Біздің 2026 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында жоспарлағандай, рейтингке қатысты іс-шаралар барлығы уақтылы, артығымен дұрыс орындадық. Алдағы уақыттарда іс-шараларды әрі қарай жоспарлап, осы позициядан айрылмауымыз керек және жоғары орындардан көрінуіміз керек деп ойын түйіндеді. Бұл нәтижелерді жалғасытру көптеген факторларға байланысты, бүгінгі Стратегиялық даму және сапа комитетінде талқыланатын мәселелерде осы көрсеткіштерге, рейтингтерімізге, ішкі, сыртқы тиімділік көрсеткіштерге байланысты екенін атап өтті.

Комитет төрайымы А.Ошибаева Ғылым және жоғары білімді дамыту концепциясында 2026 жылға дейін Қазақстанның 18 университеті Топ 700-ге ену керек деген көрсеткіш бар екенін, осы көрсеткішке ең жақын тұрған біздің университет 714 орында тұрғанын айтты. Қазіргі біздің мақсатымыз Топ 700-дің ішіне ену, яғни 600-650 орындарға жоғарылау екенін айтып өтті.

Орталық басшысы Ж.Дарибаев бұдан басқа тағы да өте маңызды саналатын Times Higher Education (THE) рейтинг агенттігі туралы айта келіп, күз айларында және осы наурыз айында екі түрлі бағыты бойынша рейтингке қатысқанымызды, оның біріншісі Impact Rankings, яғни университеттердің қоғамға әсері, екіншісі глобалды рейтинг деп айтып өтті. Times Higher Education (THE) Impact Rankings бойынша жұмыс тобы құрылғанын, бұл бойынша бірнеше семинарлар, кездесулер өткізілгендігін, Тұрақты даму институтының көмегі болғанын, қосымша тағы бірқатар іс-шаралар атқарылғанын айтты. Қорытындылай келе QS, THE хабына мәліметтерді енгізу бойынша ұйымдастырылған жұмыстарды қанағаттанарлық деп есептеуді ұсынды. Бұл біздің жетістіктер бойынша мәліметтер, енді кемшіліктерге де тоқталайын. Қазіргі таңда QS Asia University Rankings, Times Higher Education аналитиктері жұмыс жасауда, олар біздің агенттік порталына енгізген барлық деректерімізді сараптамадан өткізіп жатыр. Олар бірінші кезекте біздің веб-сайтпен жұмыс жасайды. Яғни, академиялық процеске, ғылымға қатысты, тәрбие-мәдени жұмыстарға қатысты барлық деректерді аналитиктер саралап жатыр. Бұл жұмыстарды наурыз және сәуір айында жүргізеді. Мамыр айының бірінші декадасында аяқтайтынын айтты. Бірақ, веб-сайттағы көптеген мәліметтер әлі күнге дейін жаңартылмаған, бұл бойынша құрылым басшыларына сайттағы деректерді үнемі жұмыс қалпында ұстау туралы бірнеше рет хабарлама жазылған болатын. Өйткені, тек QS агенттігі ғана емес академиялық тексеру комиссиясы, аккредиттеу агенттігінің эксперттері, ұлттық рейтинг және сыртқы аудит эксперттері де біздің университетімізге баға беру үшін осы веб-сайтты пайдаланатынын атап өтті. Сондықтан, құрылымдық бөлім басшыларынан университеттің веб-сайтындағы деректерді ұдайы жаңалап, қадағалап отыруды сұрады. Академиялық және ғылым департаменттеріне қатысты университет көрсеткіштерінің бірқатары әлі күнге дейін жаңартылмағанын департамент директорларының есіне салды. Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиков сайтқа қойылатын мәліметтер жаңартылғанын, бірақ университет веб-сайтына орналастыру кезінде Ақпараттық технология департаменті мамандарының

жетіспеуіне байланысты мәселелер туындайтынын айтты. Орталық басшысы Ж.Дарибаев жауаптыларға Ақпараттық технология департаментін қосуды ұсынды. Комитет мүшелері ұсынысты бір ауыздан қолдайтындықтарын білдірді.

Шешім:

1. Ахмет Ясауи университетінің әлемдік университеттер рейтингтеріне (QS, THE және т.б.) қатысу бойынша ұйымдастыру жұмыстары қанағаттанарлық деп есептелсін;

2. Рейтинг нәтижелерін одан әрі арттыру мақсатында департамент директорларына веб-сайт деректерін шұғыл жаңалау жүктелсін (Жауапты: Академиялық, Ғылым, Жастар саясаты, Ақпараттық технология департаменті директорлары. Мерзімі 02.05.2023ж. дейін).

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев университеттің ұлттық институционалды және бағдарламалық рейтингіне қатысуы туралы айтып өтті. Ұлттық институционалды және бағдарламалық рейтингінде өткен оқу жылдары бойынша жалпылама кесте түрінде презентация (қосымша тіркелді) жасап, «Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі (НААР) және Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі (НАОКО) ұйымдастырған рейтингтерге қатысып, жеткен жетістіктер туралы айтып өтті. Соңғы жылдары бұл агенттік ұйымдастырған рейтингтерге қатыспай жүрміз, өйткені, бұл агенттіктердің рейтингіне қатысу ақылы түрде жүргізіледі. Осыған байланысты өткен оқу жылынан бері бұл рейтингтерге қатыспаймыз деп шешім қабылданғанын айтты. Оның орнына әлемдік рейтингтерге және бағдарламалық «Атамекен» рейтингіне қатысып келе жатырмыз. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының рейтингі туралы да бірнеше рет айтылып, талқыланған болатын. Бұл рейтинг бойынша да тұрақты түрде 2018 жылдан бері талдаулар жүргізіліп келе жатыр, қай білім беру бағдарламасы өсіп жатыр, қайсы БББ позициясы төмендеді, академиялық, түлектерді жұмыспен қамту және тағы басқа көптеген көрсеткіштер бойынша жүргізілген талдаулар жөнінде әңгімеледі. Тек рейтинг агенттіктері ғана емес бізге бағалау жүргізетін тағы бірнеше агенттіктер бар, мысалы, білім беру бағдарламасын сараптаудан өткізетін аккредиттеу агенттіктері. Ол агенттіктердің эксперттері өте көп еңбек жасап, көптеген ұсынымдар берді, яғни, бұл бойынша тиянақты жақсарту жұмыстарын жасауларыңыз қажет, факультет декандарынан, әсіресе, басшылық тарапынан талдау жасауды назардан шығармауды сұранамын деп айтып өтті. Сол сияқты, Сіздерге қарасты кафедралардың да ішкі кәсіби рейтинг көрсеткіштері қалай жылжып жатқанын, жыл сайын қандай деңгейде өзгерістер орын алып жатқандарын назарда ұстап, басшылық тарапынан талдау жасауларыңызға болады деді. Орталық басшысы презентация түрінде (қосымша тіркелді) ішкі кәсіби рейтингінің кафедралар бойынша соңғы бес жылдың көрсеткіштерін назарға ұсынды. Осы айтылған мәселелер бойынша басшылық тарапынан талдаулар жүргізуді ұсынып, Стратегиялық даму және сапа комитетінің маусым айында өтетін №3 мәжілісінде бұл сұраққа қайта оралатынымызды, оқу жылының қорытындысы бойынша талдаулар жасап, талдау есептерінің бір данасын Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығына өткізулеріңіз қажет деп сөзін қорытындылады.

Шешім:

1. Ахмет Ясауи университетінің ұлттық, бағдарламалық («Атамекен» ҰҚП), ішкі рейтинг нәтижелері (кафедралар мен факультеттердің) көрсеткіштеріне басшылық тарапынан талдаулар жүргізілсін. Басшылық талдау есептері Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығына өткізілсін (Жауапты факультет декандары, мерзімі 20.05.2023ж. дейін).

3. Күн тәртібінің үшінші мәселесі - 2022-2023 оқу жылының ішкі аудит мәселелері бойынша Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев университетіміздің құрылымдық бөлімдерінде жүргізілген кешенді ішкі аудит нәтижелері туралы айтып өтті. Оқу ордамызда аккредиттеу органдары, рейтинг агенттіктері жүргізетін сыртқы тексерулерден бөлек, өзіміздің ішкі тексерулеріміз бар. Бұл бойынша жыл сайын бір рет кешенді ішкі тексеру жүргіземіз, осы оқу жылында да университет ректоры бекіткен №185, 22.09.2022ж. күнгі Ішкі аудит өткізу туралы бұйрығы негізінде, арнайы бағдарламаға сәйкес 2 кезеңмен кешенді ішкі аудит жүргізілді. Жалпы университет бойынша 329 сәйкессіздік анықталғанын (209 елеулі, 120 елеусіз сәйкессіздік), бөлімдерге анықталған сәйкессіздіктерді түзетуге мерзім берілгенін, сәйкессіздіктердің толыққа жуығы жойылғанын айтты.

Орталық басшысы ішкі аудит барысында университет құрылымдарында жүйелі түрде қайталанатын сәйкессіздіктерді атап өтті. Олар жоспарлау, жоспардың оқу жылының басында уақтылы рәсімделмеуі, бекітілмеуі, факультеттердегі Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы жұмысы нәтижелері бойынша хаттамалардың рәсімделмеуі, веб-сайт мәліметтерінің дұрыс болмауы, нормативті құжаттармен қызметкерлердің таныспауы, оны толық білмеуі, әртүрлі құжаттардың дұрыс рәсімделмеуі. Сонымен қатар, ішкі аудит кезінде тіркелген қорытынды талдаулар талаптарға сәйкес емес, барлығы формальды жүреді, құрылымдық бөлімдердің кез-келген есептерін алып қарасақ, ол жерде талдау жоқ, тек оқу жылындағы көрсеткіштер мен атқарылған іс-шаралар туралы құрғақ баяндалған. Бірақ, өткен жылмен салыстырғанда неге бұлай болды, процесті жүргізуде не кедергі болды, қалай күшейтуге, жақсартуға болады деген талдаулар жоқ. Осыны назарға алуды, биылғы оқу жылы соңындағы барлық қорытынды талдаулардың талапқа сәйкес болуын ескертті және бұл талдаулардың нәтижесін оқу жылының соңында дайындалатын дайындық актісіне ендіруді ұсынды.

Орталық басшысы университетімізде жүзден аса ережелер бар екендігін, барлығына мерзімді бақылау жүргізілетінін, мерзімі келіп жеткен ережелерді әзірлеген бөлімге ескертілетінін, ол бөлім өз кезегінде ережелерді жаңартады немесе қолданыстан шығаратынын атап өтті. Университет ережелерінің барлығы веб-сайтқа орналастырылған, төрт түрлі категорияларға бөлінген, академиялық, ғылым, мәдени-тәрбие және басқалары деген бағыттарға. Яғни, барлық құжаттар өзінің бағыты және мерзімі бойынша егер талапқа сәйкес болса ұзартылады, сәйкес болмаса жаңартылатынын айтып өтті.

Орталық басшысы презентацияда (қосымша тіркелді) көрсетілген сапа менеджменті жүйесі құжаттары, барлық негізгі нормативті құжаттар университет сайтына орналастырылғаны туралы айтып өтті. Сонымен қатар, жақында ғана жаңадан әзірленген формуляр, бланкілер, журналдар реестрі (қосымша тіркелді) жобасымен таныстырып өтті. Ұсынылып отырған формуляр, бланкілер, журналдар реестрінің жобасы алдын-ала танысу үшін таратылғанын ескертіп, барлық бағыттар

бойынша, барлық бөлімдерге қатысты құжаттар жинақталып, белгілі бір жүйеге келтірілгенін айтты. Комитет мүшелері формуляр, бланкілер, журналдар реестрінің жаңа жобасын толық қолдайтындықтарын білдірді.

Ендігі кезекте, Ж.Дарибаев факультеттердегі сапаны қамтамасыз ету комиссияларының жұмысын талаптарға сәйкестендіру, комиссия төрағаларының есептілігі туралы жайттарды талқыға салды. Комиссияның негізгі атқаратын жұмысы факультеттердегі бүкіл процестердің сапасын қадағалау, алайда, әр жыл сайын тексерулерде бірнеше қайталап ескертулер жасалатынын айтып өтті. Сонымен қатар, комиссия отырысының мәжіліс хаттамалары сайтқа толық орналастырылмағанын айта келе, факультет декандарынан комиссия жұмысын қадағалауды сұрады. Университетте факультеттердегі сапаны қамтамасыз ету комиссиясынан басқа бірнеше комитеттер бар, оқу-әдістемелік, ғылым комитеттерінің жұмыстары өте жақсы жүріп жатыр, кез-келген мәселелер талқыланады, материалдары сайтқа қойылады, материалдарды кез-келген адам көре алады. Университетте структура бойынша тағы төрт комитет бар, әлеуметтік-мәдени комитеті, шаруашылық мәселелер комитеті, адам ресурстарын басқару комитеті, бюджет комитеті, осы төрт комитет өзінің жасаған жұмыстарының нәтижелерін веб-сайтқа орналастыру қажеттілігін, структурада бар болса ол жерде процесс жүру керектігін айтты.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша Ж.Дарибаев, ішкі аудиттің үшінші кезеңі «Клиника-диагностикалық орталығында» университет ректорының №034, 14.02.2023ж. бұйрығы негізінде өткізілгенін атап өтті. Аудит барысында 66 сәйкессіздік анықталғанын айтты. Олар: ережелер мен нормативті құжаттардың бір-біріне сәйкес келмеуі, сатып алу бөліміндегі құжаттардың рәсімделуі, құжаттарды тіркеу, оларды тарату, залалсыздандыру жұмыстары, жұмысқа рұқсат алу, мекемелерден рұқсат алу, хаттамалардың рәсімделуі т.б талаптардың сақталмауы. Қазіргі уақытта осы анықталған сәйкессіздіктерді түзету жұмыстары жүргізіліп жатқанын, аудиттің қорытынды есебі жоғары басшылық тарапынан тыңдалғанын және тіркелген сәйкессіздіктер бойынша талдау-тексеру жұмыстарын жүргізу және тиісті шаралар қолдану жөнінен университет ректорына ұсыныс берілгенін баяндады.

Шешім:

1. Ахмет Ясауи университетінің формуляр, журналдар реестрі бекітілсін және университет веб-сайтына орналастырылсын (Жауапты: Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығы басшысы, мерзімі 10.05.2023ж. дейін).

2. Стратегиялық даму және сапа комитетінің кезекті №3 мәжілісінде факультеттердегі сапаны қамтамасыз ету комиссиялары төрағаларының есебі тыңдалсын (Жауапты: факультет декандары. Мерзімі: 15.06.2023ж.)

3. Академиялық тексеру комиссиясы, Сыртқы аудит эксперттері, Аккредиттеу эксперттерінің ұсынымдары бойынша атқарылған шараларға басшылық тарапынан талдаулар жасалып, Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығына өткізілсін. (Жауапты: факультет декандары. Мерзімі 20.05.2023ж. дейін).

4. Ахмет Ясауи университетінің Тәлімгерлер комитеті, Шаруашылық мәселелер комитеті, Адам ресурстарын басқару комитеті іс-шараларын жұмыс қалпында ұстау және іс-шара нәтижелері университет веб-сайтына орналастырылсын (Жауапты: Комитет төрағалары, мерзімі 20.05.2023ж. дейін).

4. Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев күн тәртібіндегі төртінші мәселе сыртқы аудит нәтижелері туралы айтып өтті. Университеттің жұмысына, оның нәтижесіне баға беретін, процесті бағалайтын тағы бір тарап ол сыртқы аудиторлар, яғни Түркия стандарттар институты сарапшылары. Түркия стандарттар институты тарапынан 01.11.2022-04.01.2022ж. күндері аралығында сыртқы бақылау аудиті жүргізілгенін, тексеру соңында сыртқы аудиторлар бірнеше жақсарту ұсынымдарын бергенін, осыған орай, Сенат шешіміне сәйкес ұсынымдарды жүзеге асыру жоспары (қосымша тіркелді) бекітілгенін атап өтті. Мәжіліс барысында Түркия стандарттары институты аудиторларының жақсарту ұсынымдарын іске асыру жөнінен бекітілген жоспарды құрылым басшылары тарапынан орындау барысы қаралды. Басшылық тарапынан талдаулар, Адам ресурстарының тиімділігі, ережелер мен лауазым нұсқаулықтарының жаңартылуы, барлық ереже талаптарының қолданыста болуын қадағалау мәселелері комитет мүшелерінің назарына ұсынылды. Талқылау барысында, Ж.Дарибаев сыртқы тараптардың, яғни Ғылым және жоғары білім министрлігінің Профилактикалық қадағалау комиссиясы, Өкілетті Кеңестің Академиялық тексеру комиссиясы, әлемдік және ұлттық рейтинг агенттіктер эксперттері, институционалды және бағдарламалық Аккредиттеу агенттігі эксперттерінің рекомендациялары бойынша тұрақты және жүйелі жақсарту шараларын іске асыру қажеттіліктеріне баса мән беру қажеттігін айтты.

Шешім:

1. Ахмет Ясауи университетінің құрылымдық бөлім басшылары тарапынан жүргізілген жақсарту шараларына басшылық тарапынан талдаулар жүргізіліп, есептері СРСО-ға өткізілсін (Жауапты: ҚБ басшылары, мерзімі 20.05.2023ж. дейін).

5. Әртүрлі мәселелер:

5.1 Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселелер бойынша орталық басшысы Ж.Дарибаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды қалыптастыруға бағытталған шаралардың бірі ретінде ҚР СТ 3049-2017 стандартын оқу орнымызға ендіру мәселелерін таныстырды (қосымша тіркелді). Аталған стандарт негізінде жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін құру және оны қолданысқа ендіру үшін ұйымдастырылатын іс-шараларды талқыға салды. ҚР СТ 3049-2017 стандартын оқу орнымызға ендіру келесі оқу жылының басында жүргізілетінін айтып өтті. Сонымен қатар, комитет мүшелеріне Стандарт баптарына сәйкестендіріліп әзірленген алты Құжаттандырылған процедуралар (қосымша тіркелді) жобасын ұсынды. Талқылаулардан соң, орталық басшысы бұл құжаттарды бекітуге және университеттің барлық құрылымындағы қызметкерлерді бұл процедуралармен таныстыруды ұсынды. Комитет мүшелері ұсынысты қолдайтындықтарын білдірді.

Шешім:

1. Ахмет Ясауи университетіне ҚР СТ 3049-2017 стандартын ендіру жұмыстары ұйымдастырылсын (Жауапты: СРСО, факультет декандары, мерзімі қыркүйек 2023ж. дейін).

2. ҚР СТ 3049-2017 стандартына сәйкестендірілген Құжаттандырылған процедуралар бекітуге ұсынылсын.

5.2 Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселелердегі екінші сұрақ бойынша Ж.Дарибаев комплаенс бақылау қызметі тарапынан сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдауларды баяндап өтті (қосымша тіркелген). Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған жоспарлы іс-шараларды кезең-кезеңмен әрі қарай жалғастыру, мүдделердің қақтығысы жағдайлары, оларды алдын алу және реттеу жөніндегі шаралар және барлық құрылым басшыларының бұл үдеріске қосар үлестері туралы айтып өтті. Ж.Дарибаев сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаулар мәліметтерін назарға алуды сұрады.

Шешім: Жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдаулар туралы мәліметтер назарға алынсын.

5.3 Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселелердегі үшінші сұрақ бойынша Ж.Дарибаев басшылық тарапынан талдау туралы айтып өтті. Бұл бойынша 2022-2023 оқу жылы бекітілген «Басшылық тарапынан талдау» (ҚП-ХҚТУ-9.3-2022) процедурасы (қосымша тіркелді) бар екенін, веб-сайтқа орналастырылғанын атап өтті. Аталған құжаттандырылған процедураға сәйкес, барлық құрылым басшыларының жоспарлы және шұғыл талдау жұмыстарын жүргізуді, оларды кезеңдік есептерде талаптарға сәйкес рәсімдеу қажеттілігін айтты. Ж.Дарибаев басшылық тарапынан талдаулар нәтижелерін келесі оқу жылы факультеттердің дайындық актісіне қосуды ұсынды. Мәжіліске қатысып отырған жиырма бір комитет мүшелерінің 20-сы ұсынысты қолдайтындықтарын білдірді, бір комитет мүшесі қалыс қалды.

Шешім:

1. Басшылық тарапынан талдаулар нәтижелері факультеттердің дайындық актісіне қосылсын (Жауапты: факультет декандары, мерзімі қыркүйек 2023ж. дейін).

Стратегиялық даму және
сапа комитетінің төрайымы



А.Ошибаева

Хатшы



А.Бакирова